

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру 2021-2022 оқу жылы

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1- 4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып іске асырады, 5-8-сыныптарда сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы (бұдан әрі-ЖЖЕ) 1-8 сыныптарда сынып сағаттарының есебінен кіріктіріліп және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

1-сыныпта «Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Жаяу жүргінші өтпелері», «Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам», «Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу», «Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды», 2-сыныптарда «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Реттелмейтін жол қиылыстары», «Реттеуші және оның белгілері, Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу» «Мектепке жол, Сенің күнделікті бағытын», 3-сыныптарда «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру белгілері және таңбалары», «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек», «Сен – велосипедші», 4-сыныптарда «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», «Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау», «Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау», «Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру» тақырыптарында сынып сағаттары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Жылыой ауданы білім бөлімінің №1-30-9101-4559 санды хаты негізінде №9 мектептің 8"В", 5 «Е» сыныптарында сынып жетекшілері А.Касенова мен Г.Қырымханова ұйымдастыруымен "Жолда жүру ережелері", «Абайландар, балалар» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Балаларды көшеде жүру ережелерімен таныстыру. Көшеде жүру мәдениетін үйретіп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Оқушылардың жолда жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу.

Жылыой ауданы білім бөлімінің N15-4-10/2831 хаты негізінде мектепте "Абайлаңыз, балалар!" профилактикалық іс-шаралар аясында 3"Б", 7б, 7в сыныптарында «Жолда сақ бол!» «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушылар жол белгілері түрлерін, атқаратын қызметін, барлығымызға қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру 2022-2023 оқу жылы

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына игеру мақсатында 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

Жылыой ауданы білім бөлімінің 2022 жылдың 25 тамыздағы 06-03-07-07-02 №1927 санды хаты негізінде «Абайлаңыз балалар!» жедел-практикалық іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспарына сәйкес 3 "а" сынып жетекшісі Қоқанова Сара «Жолда сақ бол!» тақырыбында сынып сағатын жүргізді.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің түрлері, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екендігін үйрету.

№9 жалпы орта білім беретін мектептің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмысты ұйымдастыру мақсатында мектепшілік жоспарға сай "Абайлаңыз балалар!" тақырыбында Жылыой аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі аға лейтенант Марат Аңсат Маратұлы түсінік жұмыстарын жүргізді.

Атырау облысы білім беру басқармасының 2022 жылғы 23 тамыздағы 06-01-06-02-4/ 438 шығыс хаты негізінде № 9 жалпы орта білім беретін мектепте "Абайлаңыз,балалар!"тақырыбындағы апталық іс - шаралар жоспары жасақталып бекітілді. «Жолда жүру ережелерін сақтаймыз!» тақырыбында 2 "а" сыныбында сынып сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Тулеубаева Г., «Қозғалыс ережесін білу – үлкен жетістік» тақырыбында сынып сағаты 5 б сынып жетекшісі Өмірзақова Айдана ұйымдастыруымен өткізілді. 9 «б» сыныбында «Сақ бол, жода балақай!» тақырыбында сынып жетекшісі Мөлдір Сәттібекқызы ұйымдастыруымен сынып сағаты өтті.6 «ж» сыныбында сынып жетекшісі Есенгазиева Гүлжамалдың ұйымдастыруымен «Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында сынып сағаты өтті.Мақсаты: балаларды жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Балаларға жолда жүру ережесін мұқият сақтауға, жауапкершілік сезімін арттырып, зейінді, епті болуға тәрбиелеу.

5 «в» сынып жетекшісі Абилова Багира "Жолда жүру ережесін білеміз бе?" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру.Оқушылардың қызығушылығын тудырып, ой - өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу.

Мектепте аудандық полиция қызметкерлері бастауыш сынып оқушыларына "Абайлаңыз, балалар" акциясы аясында жолда жүру ережесі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.

Мектептің 3"г" сынып жетекшісі Сагинова Ж. "Жолда сақ бол" сынып сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың жолда жүру ережесі, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтыру. Жол қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға, орындауға баулу. Ой – өрісін дамытып, түсініктерін кеңейту. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп-тұруға, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

"Абайлаңыз,балалар!" жедел-профилактикалық іс-шарасы шеңберінде № 9 жалпы орта білім беретін мектепте 1-8 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізіліп, Жылыой аудандық полиция бөлімінің патрульдік полиция взводының қызмет инспекторы полиция майоры Жетенов Нуржан Есбосынович "Жолда жүру ережелері" тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізді.

Мектепте "Қазақавтожол"ЖШС мекемесінің бөлімше басшысы Салықов Бағыт Егдирович мектеп оқушыларына жолда жүру ережелері туралы әңгіме, кеңестер айтып, жадынама таратты.

<https://www.instagram.com/p/ClqJPEltij3/?igsh=MW51dDNjbWk2aWoyZg==>

<https://www.instagram.com/p/ClqNFeStzAv/?igsh=Y3Z0eWZtcHA2eWFs>

<https://www.instagram.com/p/ClqOoLqtSxl/?igsh=MXAwNDVyaHpyNzl4bQ==>

<https://www.instagram.com/p/ClqPsMkN8TD/?igsh=MTNoaHI1dms3MHFoeA==>

№9 мектеп бойынша «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру 2023-2024 оқу жылы

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының игеру мақсатында 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы (бұдан әрі-ЖЖЕ) 1-8 сыныптарда сынып сағаттарының есебінен кіріктіріліп және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

1-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

2-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1
2.	қазан	Реттелмейтін жол қиылыстары.	1
3.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
4.	наурыз	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

3-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.	1
2.	қазан	Қай жерлерден жолдан өтуге болады.	1
3.	желтоқсан	Жол жүру белгілері және таңбалары.	1
4.	наурыз	Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.	1
5.	сәуір	Сен – велосипедші.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

4-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелерін білеміз бе?	1
2.	қазан	Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.	1
3.	желтоқсан	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар.	1
4.	наурыз	Темір жол өтпелері.	1
5.	сәуір	Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

5-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан.	1
2.	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1
3.	қараша	Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.	1
4.	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1
5.	қаңтар	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	1
6.	ақпан	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі.	1
8.	сәуір	Велосипедпен жүру.	1
9.	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			10

6-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелері (қайталау).	1
2.	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	1
4.	желтоқсан	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	1
5.	қаңтар	Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	1
6.	ақпан	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	1
8.	сәуір	жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".	1
9.	сәуір	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			10

7-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.	1
2.	қазан	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.	1
4.	желтоқсан	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.	1
5.	қаңтар	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	1
6.	ақпан	Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.	1
7.	наурыз	Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.	1
8.	сәуір	Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.	1
9.	сәуір	Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			10

8-сынып

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережесінің пайда болу.	1
2.	қазан	Жол белгілерінің халықаралық тілі.	1
3.	қараша	Қозғалысты реттеу нысандары.	1
4.	желтоқсан	Жол белгілері.	1
5.	қаңтар	Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.	1
6.	ақпан	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	1
7.	наурыз	Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.	1
8.	сәуір	Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.	1
9.	сәуір	Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
10.	мамыр	Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1

8 қыркүйек күні №9 жалпы орта білім беретін мектептің 5 а, 5 б, 5 е сыныбында жолда жүру ережесіне байланысты «Жол ережесін есте сақта», «Абайлаңдар, балалар» атты сынып сағаты өтті. Сынып жетекшілері Б.Байниязова, Ө.Қосымбаева, Н.Ибрашева Мақсаты: 1. Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру. 2. Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу. 3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу.

№9 мектеп бойынша «Абайлаңыз- балалар!» жедел -профилактикалық іс - шаралар жоспары жасалып, осы жоспар бойынша сынып сағаттары өткізілді.

Р/с	Өткізілген іс- шара мазмұны	Сыныбы	Жауапты	Уақыты
1	Жолда жүру ережелерін білесің бе?	1а,б,в,г,д,е,ж	Сынып жетекшілері	11.09.2023
2	«Бағдаршам - біздің досымыз»	2а,б,в,г,д,е,ж	Сынып жетекшілері	11.09.2023
3	Бағдаршам және біз!	3а,б,в,г,д,е,ж	Сынып жетекшілері	11.09.2023
4	Байқа балақай!	4а,б,в,г,д,е,ж	Сынып жетекшілері	11.09.2023
5	«Жүргізуші және жол тәртібі»	5а,б,в,д,е,ж,з	Сынып жетекшілері	12.09.2023
6	Жолда жүру ережесін сақтаймыз!	6а,б,в,д,е,ж,з	Сынып жетекшілері	12.09.2023

7	Жол тәртібін білейік, Аман – есен жүрейік!	7а,б,в,д,е,ж,з	Сынып жетекшілері	12.09.2023
8	Жолда жүру ережесінжадында ұста!	8а,б,в,д,е,ж,з	Сынып жетекшілері	12.09.2023
9	«Жол белгілерін білу міндет»	9а,б,в,д,е,ж	Сынып жетекшілері	13.09.2023
10	«Жолдағы қауіпсіздік»	10а,б,в,д,е	Сынып жетекшілері	13.09.2023
11	«Жасөспірім – ертеңгі көлік жүргізуші»	11 а,б,д,е,	Сынып жетекшілері	13.09.2023

Білім алушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, іс – жүзінде асыра білуге үйрету мақсатында 11 қыркүйек күні №9 жалпы орта білім беретін мектепте полиция капитаны Иманалиев Асылбек, полиция кіші лейтенанты Асқарұлы Сағидолла білім алушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/C7bi5S6oGRF/?igsh=dWw4Y2Q5eG4zanVu>

<https://www.instagram.com/reel/C7bkC4TI31C/?igsh=NHbhmzBvY2x1ejhs>

<https://www.instagram.com/reel/C7bkrxKoICr/?igsh=bGkxOXR1Z2czaWRv>